Қазақстан Республикасы
экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК

# 2022 жылғы ақпан айына
# АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



Нұр-Сұлтан 2022

# Мазмұны

Алғы сөз........................................................................................................................ 4

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге
сәйкес ақпан айының қысқаша климаттық сипаттамасы................................................. 5

Ақпан айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының
және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (кесте)....................................... 7

2022 жылдың ақпан айында күтілетін орташа
айлық температурасының мөлшерден ауытқуы................................................................ 8

Ақпан айында көпжылдық орташа айлық
ауа температурасы (норма) ...................................................................................... 8

2022 жылдың ақпан айында күтілетін
жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы ........................................................ 9

Ақпан айындағы жауын-шашынның көпжылдық
орташа айлық мөлшері (норма) .................................................................................. 9

2022 жылы Қазақстан аймақтары бойынша ақпан айында
күтілетін орташа ауа температурасы ............................................................................ 10

Ауа райының облыстар бойынша графигі ........................................................................ 11

2022 жылдың ақпан айына облыстар бойынша консультативтік
ауа райы болжамы ............................................................................................................ 13

Алматы облысы ................................................................................................................. 13

Жамбыл облысы ............................................................................................................... 14

Түркістан облысы .............................................................................................................. 15

Қызылорда облысы ............................................................................................................ 16

Маңғыстау облысы ........................................................................................................... 17

Атырау облысы.................................................................................................................. 18

Батыс Қазақстан облысы .................................................................................................. 19

Ақтөбе облысы .................................................................................................................. 20

Қостанай облысы .............................................................................................................. 21

Солтүстік Қазақстан облысы ............................................................................................ 22

Ақмола облысы ................................................................................................................. 23

Павлодар облысы .............................................................................................................. 24

Қарағанды облысы ............................................................................................................ 25

Шығыс Қазақстан облысы ................................................................................................ 26

## Алғы сөз

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде);
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы (±5$^0$С) мүмкін екеніне ескеру қажет.* ***Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.***

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Нұр-Сұлтан қ. Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры және редактор
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.
Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы
Ж. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.
Құрастырған АРҰМББ жетекші инженері: Исабекова К., АРҰМББ 2 санатты инженері: Айтпаева А.
аударған АРҰМББ инженері: Исабекова К., Бауыржанова А., Айтпаева А.
тел. (7172) 79-83-95.

## Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес ақпан айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Ақпан айы қыс кезеңін аяқтайтын ай болғанымен, оның климаттық сипаттамасы мен циркуляциялық ерекшеліктері қаңтардікіне өте ұқсас.

Ақпан айында ауаның орташа көпжылдық температурасы республиканың солтүстігінде -15-23°С-тан (солтүстікте, шығыста) +2°С-қа (қиыр оңтүстігінде) дейін өзгереді.

Тәуліктің жарық уақыты қаңтармен салыстырғанда, айдың аяғына таман 2,5-3 сағатқа ұзарады. Осыған байланысты ауаның орташа айлық температурасы оңтүстік пен оңтүстік-шығыс аудандарда 3,0-3,8ºС-қа, қалған жерлерде 0,5-1.5ºС -қа жоғарылайды.

Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстік аудандарында айдың бірінші жартысында ауаның орташа тәуліктік температурасының 0ºС арқылы оң мәндерге тұрақты өтуі байқалады.

Өте суық жылдары ауаның орташа айлық температурасы республиканың солтүстік жартысында -24-27ºС, солтүстік-шығыста -32ºС, Қазақстанның қиыр оңтүстігінде -18ºС-қа дейін жетуі мүмкін.

Өте жылы жылдары ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстігінде -8-12ºС-тан оңтүстік Қазақстан облысында +5+7ºС-қа дейін өзгереді. Ауаның орташа айлық температурасының көпжылдық орташа мөлшерден ауытқуы өте жылы болған ақпанда 3-10º, өте суық жылдары 5-15º-қа дейін барады.

Ақпандағы абсолюттік минимум республиканың солтүстік бөлігінде -47-52ºС, ал оңтүстік аудандарда -37-45ºС дейін жетуі мүмкін.

Ақпандағы абсолюттік максимум солтүстік облыстарда +4+9°С, шығыс облыстарда +6+15°С, орталық облыстарда +8+19°С, батыс облыстарда +11+22°С, оңтүстік облыстарда +20+28ºС-қа дейін жетуі мүмкін.

Ақпанда жауын-шашынның орташа айлық мөлшері қаңтармен салыстырғанда оңтүстік облыстарда сәл ғана көбейіп, республиканың қалған аумақтарында біршама аздау болады. Республиканың көпшілік аумағында 6-27 мм, тек оңтүстік-шығыстын, шығыстын және оңтүстіктін тау бөктерлі және таулы аудандарында 25-47 мм дейін, ал оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстын, шығыстын тауларында 61-110 мм-ге дейін барады.

Ең ылғалды жылдары Қазақстанның көптеген жерлерінде жауын-шашынның мөлшері 17-65 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстын тау және таулы аудандарында 76-236 мм болады.

Ақпан айында жауын-шашынды күндердің орташа саны Республиканың көпшілік аудандарында 10-12, шөл аймақтарында 6-7 күндей болады. Солтүстік облыстарда жауын-шашын көбінесе қар түрінде, оңтүстік облыстарда қар және жаңбыр түрінде жауады. Аралас жауын-шашын Түркістан облысында 50 %-ын құрайды.

Қаңтардан ақпанға қарай қар жамылғысының қалыңдығы үлкее бастайды және ақпанның соңына қарай республиканың солтүстік облыстарының ашық жерлерінде 15-35 см, кейбір жылдары 50 см және көбірек, тауларда 2 м-ге дейін барады. Оңтүстік облыстарда қар

жамылғысының қалыңдығы шамалы 3-15 см, тауларда 70 см-ден 2 м-ге дейін болады. Республиканың оңтүстігінде тұрақты қар жамылғысы ақпанның екінші жартысында бұзыла бастайды.

Ақпанда Қазақстанның көптеген аудандарында желдің орташа айлық жылдамдығы 4,5-7,5 м/с, қиыр оңтүстікте, оңтүстік-шығыс және шығыста 1,0-4,3 м/с, Каспий теңізінің жағалауында, Мұғалжар тауларының өңірінде, Жаңғызтөбеде және Қордай асуында 6,0-9,5 м/с, Жалаңашкөлде 13 м/с-қа дейін жетеді.

Қаңтардағы сияқты ақпанда да борандар жиі 2-3 күндей, кей жылдары бұл айда 10-13 күндей соғады. Ең көп боранды күндер саны 9-12, ал кейбір жылдары әсіресе Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының солтүстігінде, Ақмола облысының оңтүстігінде және Шығыс Қазақстан облысындағы Жаңғызтөбе аумағында 20-67 рет болады. Оңтүстік облыстарда борандар сирек 10 жылда 1-5 күндей, бірақ Қызылорда облысының солтүстігінде, Түркістан облысының тау асуларында айына 1-4 тәулік болып тұрады. Боранның ұзақтығы көбінесе бірнеше сағаттай болып, бірақ кейде 2-3 тәулік, Ақтөбе облысындағы Мұғалжар тауларының өңірінде және Шығыс-Қазақстан облысының Жаңғызтөбе М. 5-6 тәулікке дейін барады.

Көктайғақ құбылыстар әдетте 0,-8°С-қа дейінгі температурада пайда болады. Көктайғақтың ең көп тап болатын аудандарына Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облыстары жатады, ақпанда орта есеппен 1-3 күндей, кей жылдары 10-18 күндей болады. Республиканың солтүстік облыстарында ақпандағы көктайғақ сирек құбылыс және жыл сайын бола бермейді.

Тұмандар ақпан айында көбінесе республиканың таулы аудандарында 8-15 күндей, ал Түркістан облысының жазық бөлігінде айына 2-3 күндей болады.

Ақпанда күннің күркіреуі тек Қазақстанның оңтүстігінде, оның ішінде Түркістан облысында 10 жылда 1-4 рет болуы мүмкін.

**Қараша айында Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (1981-2010 жж. нормасы)**

| Облыс | Ауа температурасы, °С | Жауын-шашын мөлшері, мм |
|---|---|---|
| Алматы | -2,2…-13,0 | 1…49 |
| Жамбыл | -1,6…-8,7 | 11…52 |
| Түркістан | -5,9…+2,5 | 14…86 |
| Қызылорда | -1,6…-9,6 | 5…21 |
| Маңғыстау | -6,7…+0,2 | 6…14 |
| Атырау | -5,0…-9,7 | 7…14 |
| Батыс Қазақстан | -6,8…-11,2 | 11…20 |
| Ақтөбе | -9,5…-14,2 | 10…27 |
| Қостанай | -13,1…-15,2 | 10…26 |
| Солтүстік Қазақстан | -14,1…-15,9 | 10…18 |
| Ақмола | -13,4…-15,9 | 10…31 |
| Қарағанды | -10,0…-16,7 | 6…26 |
| Павлодар | -12,2…-16,1 | 10…15 |
| Батыс Қазақстан | -9,5…-18,8 | 7…35 |

# 2022 жылдың ақпан айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы

**Ақпан** айында ауаның орташа айлық температурасы ҚР басым бөлігінде *нормадан 1-2° жоғары*, Қостанай облысында, Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының солтүстік-шығыс жартысында, Солтүстік Қазақстан облысының батыс жартысында, Қызылорда облысының қиыр солтүстігінде, Павлодар облысының оңтүстік-батысында *норма шамасында*, Павлодар облысының басым бөлігінде, Солтүстік Қазақстан облысының шығыс жартысында, Ақмола облысының солтүстік-шығысында, Шығыс Қазақстан облысының солтүстігінде *нормадан 1° төмен* күтіледі.

**2022 жылдың ақпан айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы**




**Ақпан айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1981-2010 жж.)**



## 2022 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

**Ақпан** айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында, Қостанай, Қарағанды облыстарының оңтүстік-батысында *нормадан аз*, Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығысының таулы және тау бөктерлі өңірлерінде *нормадан көп* болжанады.

**2022 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы**




**Ақпан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1981-2010 жж.)**



## 2022 жылдың ақпан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстан Республикасының солтүстік жартысында -10-17°С, Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысы мен орталығында -20°С дейін, Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Жамбыл облыстарында, Маңғыстау, Алматы облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік-батысында, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстік-шығысында, Түркістан облысының солтүстігінде – 0,-9°С, Маңғыстау облысының батысында, Түркістан облысының оңтүстігінде +1+4°С күтіледі.

**2022 жылдың ақпан айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы**




# 2009 жылға – ұқсас

# 2022 жылдың ақпан айына ауа райы кестесі

Алматинская область




Жамбылская область




Туркестанская область




Кызылординская область




Атырауская область




Западно-Казахстанская область




Актюбинская область




Мангистауская область



**Костанайская область**




**Северо-Казахстанская область**




**Акмолинская область**




**Павлодарская область**




**Карагандинская область**




**Восточно-Казахстанская область**




**Шартты белгілер:**

кей жерлерде жауын-шашын
аздаған жауын-шашын
жаңбыр
аздаған жаңбыр
нөсерлі жаңбыр
шаңды дауыл
тұман

Кей жерлерде
желдің 15-20 м/с күшейуі

С ЮВ СЗ
СВ Ю З
В ЮЗ

көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы
түнгі ауа температурасының барысы
күндізгі ауа температурасының барысы
ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы

## Қазақстан облыстары бойынша 2022 жылғы ақпан айына консультативтік ауа-райы болжамы

### Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -1-9°С (норма: -2-10°С), таулы және тау бөктеріндегі аудандарда -10-12°С (норма: -11-13°С), бұл нормадан 1° жоғары.

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -4-9°С-тан -10-15°С-қа дейін, облыстың солтүстік-батысында +1°С-тан -5°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-тан -1+4°С-қа дейін, солтүстік-шығыста және таулы, тау бөктеріндегі аудандарда 0°С-тан -6°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -14-19°С, облыстың оңтүстік-батысында -9°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С-қа дейін, солтүстік-шығысында және таулы, тау бөктеріндегі аудандарда түнде -24°С-қа дейін, күндіз -12°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасы *түнде* -10-15°С-тан -15-20°С, солтүстік-шығыста -25°С-қа дейін, оңтүстікте -5°С-тан -10°С-қа дейін, *күндіз* -4+1°С-тан -1-6°С-қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында және таулы, тау бөктеріндегі аудандарда -6°С-тан -11°С-қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -10-15°С-тан -14-19°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде, оңтүстік-батысында -5°С-тан -9°С-қа дейін, *күндіз* -1+4°С-тан -2-7°С-қа дейін, солтүстік-шығыста және таулы, тау бөктеріндегі аудандарда түнде -24°С-қа дейін, күндіз -6°С-тан -12°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-қа дейін, солтүстік-шығыста және таулы, тау бөктеріндегі аудандарда түнде -15°С-қа дейін, *күндіз* -3°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -10-15°С, оңтүстігінде -5°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, облыстың оңтүстігінде +5°С-қа дейін төмендейді деп болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, оңтүстігінде және шығысында нормадан көп күтілуде (норма: 1-23 мм, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда 24-49 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), тұман, көктайғақ, жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



## Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы 0,-7°С, бұл нормадан 1° жоғары (норма: -1-8°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-тан -6-11°С, облыстың оңтүстігінде -1°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-тан +1+6°С-қа дейін, солтүстік-шығыста және таулы, тау бөктерінде +2°С-тан -4°С-қа дейін төмендейді деп болжанады. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* -2+3°С, солтүстік-шығыста -5°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С, облыстың солтүстік-шығысында +3°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде.* -6-11°С, солтүстік-шығыста -16°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, облыстың оңтүстігінде +7°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -1-6°С-тан -6-11°С, оңтүстікте -1°-қа дейін, солтүстік-шығыста -11°С-тан -16°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С, облыстың солтүстік-шығысында -3°С-тан -3+2°С, оңтүстікте +7°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -1-6°С-тан -9-14°С, облыстың оңтүстігінде -4°С-қа дейін, солтүстік-шығыста -11°С-тан -17-22°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-тан, солтүстік-шығыста -3°С-тан -1-6°С-қа дейін, оңтүстікте +4°С-қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының *түнде* -6-11°С, оңтүстікте -3°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, оңтүстікте +7°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, ал оңтүстігінде нормадан көп күтіледі (норма: 11-52 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), тұман ай бойы жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында және соңында болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -4+5°С, бұл нормадан 2° жоғары (норма: -6+3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан. -5-10°С, облыстың оңтүстігінде 0°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-тан 0,+5°С, оңтүстікте +8°С-қа дейін, солтүстікте және таулы, тау бөктеріндегі өңірлерде түнде -5°С-тан -13°С-қа дейін, күндіз +3°С-тан -5°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында – *түнде* 0,+5°С дейін, *күндіз* +8+13°С-қа дейін, солтүстікте және таулы, тау бөктеріндегі аймақтарда түнде -5°С дейін, күндіз +3°С-қа дейін біртіндеп жоғарылайды. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С, облыстың оңтүстігінде +5°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С, оңтүстікте +11°С-қа дейін, солтүстікте және таулы, тау бөктеріндегі өңірлерде түнде -8°С-қа дейін, күндіз -2°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан 0,-5°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-тан +3+8°С-қа дейін, солтүстікте және облыстың таулы, тау бөктерлі өңірлерінде түнде -5°С-тан -8°С-қа дейін, күндіз +3°С-тан 0°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -6-11°С, облыстың оңтүстігінде 0°С-қа дейін, *күндіз* +1+6°С, оңтүстікте +11°С-қа дейін, солтүстікте және таулы, тау бөктеріндегі өңірлерде түнде -14°С-қа дейін, күндіз -4°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -1-6°С, оңтүстікте +4°С-қа дейін, *күндіз* +6+11°С, оңтүстікте +15°С-қа дейін, солтүстікте және таулы, тау бөктерлі аймақтарда түнде -10°С-қа дейін, күндіз -1°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында (норма: 14-63 мм), таулы және тау бөктеріндегі аудандарда - нормадан көп болады деп күтіледі (норма: 79-86 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бір ай бойы жиі күтіледі. Жел 15-20 м/с айдың екінші жартысында жиі күтіледі. Көктайғақ – бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады.



## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -9+1°С, бұл облыстың басым бөлігінде нормадан 1-2° жоғары, ал қиыр солтүстікте норма шамасында (норма: -1-10°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -3+2°С-тан -6-11°С, облыстың оңтүстігінде -3°С, солтүстікте -16°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-тан -3+2°С, солтүстікте -6°С-қа дейін төмендейді. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,-5°С, солтүстік-батыста -10°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С, солтүстік-батыста +2°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -8-13°С, оңтүстікте. -3°С, облыстың солтүстігінде -17°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, оңтүстікте +7°С, солтүстікте -8°С-қа дейін төмендейді.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -8-13°С, оңтүстікте -3°С-тан -2-7°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -17°С-тан -12°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, оңтүстікте +5°С-тан +3+8°С-қа дейін, солтүстікте -8°С-тан -2°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -12-17°С, облыстың оңтүстігінде -5°С-тан, -7-12°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -22°С-тан -17°С-қа дейін*,* *күндіз* 0,-5°С-тан 0,+5°С-қа дейін, солтүстікте -10°С-тан -5°С-қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің ең соңында – ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С, оңтүстікте +10°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 5-21 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с екінші және үшінші онкүндіктердің басында және соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, көктайғақ – айдың басында болжанады. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -5+2°С, бұл нормадан 2° жоғары (норма: 0,-7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -4+1°С-тан -4-9°С, облыстың солтүстік-шығысында -12°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-тан 0,-5°С, батыста +5°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады. Содан кейін – ауа температурасының *түнде* -1+4°С, солтүстік-шығыста -4°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С, жағалауда +11°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -4-9°С, солтүстік-шығыста -12°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, жағалауда +7°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* -4-9°С-тан -3+2°С-қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -12°С-тан -8°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С, жағалауда +5°С-тан +3+8°С, солтүстік-шығыста -2°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ортасында – ауа температурасының *түнде* -5-10°С, батыста 0°С-қа дейін, *күндіз* -2+3°С, батыста +8°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С, облыстың солтүстік-шығысында -5°С-қа дейін, *күндіз* +6+11°С, батыста +16°С, солтүстік-шығыста +1°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -8-13°С, облыстың солтүстік-шығысында -18°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С, батыста +3°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -1+4°С, солтүстік-шығыста -5°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С, солтүстік-шығыста +2°С-қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі. (норма: 6-14 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), тұман бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және екінші жартысында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады. Көктайғақ – бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -3-8°С, бұл нормадан 2° жоғары (норма: -5-10°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-тан -6-11°С-қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -8°С-тан -17°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С-тан -2-7°С, батыста +3°С-қа дейін төмендейді деп күтіледі. Содан кейін – ауа температурасының *түнде* -4+1°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -7-12°С, облыстың солтүстік-шығысында -17°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С, батыста +2°С-қа дейін төмендейді.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -7-12°С-тан -2-7°С-қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -17°С-тан -12°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С, батыста +2°С-тан -3+2°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Содан кейін – ауа температурасының *түнде* -1-6°С, шығыста -9°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С, шығыста -3°-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендейді.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде*. -12-17°С, облыстың шығысында -20°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С, шығыста -10°С-қа дейін әрі қарай төмендейді. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* 0,-5°С, солтүстік-шығыста -8°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С, солтүстік-шығыста -1°С-қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 7-14 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) айдың басында және ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Тұман – жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында. Көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Бұрқасын – екінші онкүндіктің соңында.



## Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -5-10°С, бұл нормадан 1-2° жоғары (норма: -7-11°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -5-10°С-тан -15-20°С, облыстың батысында -10°С-қа дейін, *күндіз* -1-6°С-тан -6-11°С, оңтүстігінде -3°С-қа дейін төмендейді деп болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-қа, солтүстікте -10°С-қа дейін, *күндіз*. -2+3°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -11-16°С, солтүстікте -21°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С-қа дейін төмендейді деп болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -2-7°С, облыстың солтүстік-шығысында -10°С-қа дейін, *күндіз* -1+4°С, солтүстікте -5°С-қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ортасында – ауа температурасының *түнде* -7-12°С-қа дейін, *күндіз* -1-6°С, оңтүстікте +4°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -2-7°С, солтүстікте -12°С-қа дейін, *күндіз* +1+6°С, солтүстікте -2°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ең соңында – ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -17-22°С, облыстың батысында -13°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа дейін, *күндіз* -2+3°С, оңтүстікте +6°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 11-20 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Жел 15-20 м/с әр онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман, көктайғақ бір ай бойы жиі болуы мүмкін.



**Ақтөбе облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы -9-14°С, бұл облыстың басым бөлігінде нормадан 1° жоғары, солтүстік-шығысында – норма шамасында (норма: -10-14°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -4-9°С, облыстың солтүстігінде -14°С-тан -13-18°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С, солтүстікте -10°С-тан -5-10°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Содан кейін – ауа температурасының *түнде* -3-8°С, солтүстікте -13°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -18-23°С, солтүстікте -26°С-қа дейін, *күндіз* -6-11°С, солтүстікте -16°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы жоғарылайды.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -10-15°С, облыстың солтүстік-шығысында -18-23°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С, солтүстік-шығыста -10°С-қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -15-20°С, солтүстік-батыста -10°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С, солтүстік-батыста -2°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -10-15°С, солтүстікте -20°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С, солтүстікте -10°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -20-25°С-тан -10-15°С, солтүстік-шығыста -22°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С-тан -4+1°С-қа дейін, солтүстік-шығыста -18°С-тан -10°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз күтіледі (норма: 10-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі болжанады. Бірінші және үшінші онкүндіктердің екінші жартысында – тұман, көктайғақ болуы мүмкін. Бұрқасын бірінші онкүндіктің бірінші жартысында болуы мүмкін.



## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -13-15°С, бұл норма шамасында (норма: - 13-15°С)

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -15-20°С, облыстың солтүстігінде -25°С-тан -8-13°С, оңтүстігінде -16°С-қа дейін, *күндіз* -8-13°С, солтүстікте -16°С-тан -2-7°С, оңтүстікте -10°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -25-30°С, оңтүстікте -20°С-қа дейін, *күндіз* -15-20°С, облыстың батысында -7-12°С-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* -10-15°С, облыстың оңтүстігінде -20°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С, оңтүстікте -10°С-қа дейін әрі қарай жоғарылайды деп болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -20-25°С, оңтүстікте -15°С-қа дейін, *күндіз* -8-13°С-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -15-20°С, солтүстікте -25°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С, солтүстікте -11°С-қа дейін жоғарылайды деп күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -25-30°С, облыстың солтүстігінде -22°С-тан -20-25°С, шығыста -28°С-қа дейін, *күндіз* -11-16°С, оңтүстікте -20°С-тан -6-11°С, шығыста -16°С-қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -15-20°С, оңтүстікте -25°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С-қа дейін жоғарылайды .

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, қиыр оңтүстік-батысында нормадан аз күтіледі (норма: 10-26 мм).

Қар жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Жел 15-20 м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Тұман – бірінші және үшінші онкүндіктердің екінші жартысында. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында болуы ықтимал. Бұрқасын жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -15-17°С, бұл облыстың солтүстік-шығыс жартысында нормадан 1° төмен, оңтүстік-батыс жартысында норма шамасында (норма: -14-16°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -20-25°С, облыстың шығысында -30°С-тан -11-16°С, солтүстікте -23°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С, шығыста -20°С-тан -1-6°С, солтүстікте -13°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -25-30°С, солтүстікте -33°С-қа дейін, *күндіз* -15-20°С, шығыста. -23°С-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -10-15°С, облыстың оңтүстігінде -18°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін дейін әрі қарай жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -22-27°С, шығыста -30°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С, шығыста -20°С-қа дейін төмендейді деп болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -12-17°С, батыста -20°С-қа дейін, *күндіз* -2-7°С, облыстың батысында -20°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* -25-30°С-тан -20-25°С, облыстың батысында -28°С-қа дейін, *күндіз* -13-18°С, оңтүстікте -8°С-тан -8-13°С, шығыста -18°С-қа дейін. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -15-20°С, шығыста -25°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С, шығыста -11°С-қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 10-18 мм).

Жауын-шашын (көбінесе қар түрінде), бұрқасын, жел 15-20 м/с жиі айдың бірінші жартысында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің басында болжанады, көктайғақ бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында болуы ықтимал.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -14-16°C, бұл облыстың басым бөлігінде норма шамасында, қиыр солтүстік-шығысында нормадан 1° жоғары (норма*:* -13-16°C).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -20-25°C-тан -5-10°C, облыстың солтүстігінде -15°C-қа дейін, *күндіз* -8-13°C-тан -1-6°C-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -22-27°C, солтүстікте -32°C-қа дейін, *күндіз*. -12-17°C, шығыста және орталықта -20°C-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -10-15°C, оңтүстікте -20°C-қа дейін, *күндіз* 0,-5°C, оңтүстікте -10°C-қа дейін әрі қарай жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -21-26°C, облыстың солтүстігінде -29°C-қа дейін, *күндіз* -7-12°C, солтүстікте -17°C-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -14-19°C, оңтүстікте -22°C-қа дейін, *күндіз* 0,-5°C, оңтүстікте -10°C-қа дейін жоғарылайды деп болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -25-30°C, солтүстікте -35°C-қа дейін, *күндіз* -13-18°C, солтүстікте -23°C-қа дейін төмендейді деп күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* -25-30°C, солтүстікте -35°C-тан -19-24°C, облыстың оңтүстігі мен батысында -29°C-қа дейін, *күндіз* -13-18°C, солтүстікте -23°C-тан -5-10°C, оңтүстігі мен батысында -15°C-қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -24-29°C, батысы мен оңтүстігінде -31°C-қа дейін, *күндіз* -12-17°C, солтүстікте -7°C-қа дейін. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -17-22°C, оңтүстікте -27°C-қа дейін, *күндіз* -3-8°C, оңтүстікте -13°C-қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында (норма: 10-31 мм).

Жауын-шашын (көбінесе қар түрінде), көктайғақ, бұрқасын, жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктерде жиі болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің басында, екінші және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -13-17°С, бұл облыстың басым бөлігінде нормадан 1° төмен, облыстың оңтүстік-батысында норма шамасында (норма: -12-16°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -24-29°С-тан -6-11°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде -34°С-тан -16°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С, солтүстікте -22°С-тан 0,-5°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -30-35°С, шығысында -40°С-тан -10-15°С, облыстың солтүстігінде -22°С-қа дейін, *күндіз* -20-25°С, оңтүстікте -15°С-тан 0,-5°С, солтүстікте -12°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -28-33°С, шығыста -40°С, оңтүстікте -24°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С, облыстың солтүстігі мен шығысында -22°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -12-17°С, шығысы мен орталығында -22°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С, шығысы мен орталығында -11°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -30-35°С, батыста -25°С-қа дейін, *күндіз* -17-22°С, шығыста -12°С-қа дейін төмендейді.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -30-35°С, батыста -25°С-тан -18-23°С, шығыста -30°С-қа дейін, *күндіз* -17-22°С-тан -10-15°С-қа дейін, облыстың шығысында -12°С-тан -18°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -23-28°С-қа дейін, *күндіз* -15-20°С, оңтүстікте -10°С-қа дейін біртіндеп төмендейді деп күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының *түнде* -18-23°С, солтүстікте -28°С-қа дейін, *күндіз* -8-13°С, солтүстікте -18°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 10-15 мм).

Жауын-шашын (көбінесе қар түрінде), тұман, көктайғақ, бұрқасын жиі бірінші және екінші онкүндіктерде күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -9-17°С, бұл облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстігінде – нормадан 1° жоғары (норма: -10-17°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -17-22°С, облыстың оңтүстігінде -12°С-тан -4-9°С-қа дейін, солтүстікте -27°С-тан -12-17°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С-тан -3+2°С-қа дейін, солтүстікте -13°С-тан -8°С-қа дейін жоғарылайды деп күтіледі. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы *түнде* -13-18°С, оңтүстікте -8°С-қа дейін, *күндіз* -3-8°С, орталықта -11°С-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -3-8°С, солтүстікте -13-18°С-қа дейін, *күндіз* -2+3°С, облыстың солтүстігінде -5-10°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -20-25°С, облыстың оңтүстігінде -15°С-тан -14-19°С-қа дейін, солтүстік және солтүстік-шығыста -30°С-тан 24°С-қа дейін, *күндіз* -10-15°С, оңтүстікте. -5°С-тан 0,-5°С-қа дейін, солтүстік-шығыста -20°С-тан -10°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -15-20°С, солтүстікте -25°С-қа дейін, *күндіз* -4-9°С, оңтүстікте +1°С, солтүстікте -15°С-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -25-30°С, облыстың оңтүстігінде -20°С-тан -12-17°С-қа дейін, солтүстік-шығыста -37°С-тан -20-25°С-қа дейін, *күндіз* -11-16°С-тан -4-9°С, оңтүстікте +1°С-қа дейін, солтүстікте -19-24°С-тан -15°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасы *түнде* -17-22°С, солтүстікте -25-30°С-қа дейін, *күндіз* -9-14°С, оңтүстікте -4°С-қа дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың қиыр оңтүстік-батысында – нормадан аз (норма: 6-26 мм).

Жауын-шашын (көбінесе қар түрінде) жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында болжанады. Тұман – айдың бірінші жартысында және соңында, көктайғақ жиі бірінші онкүндікте болуы ықтимал. Бұрқасын жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -9-19°С, бұл облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың солтүстігінде – нормадан 1° төмен (норма: -10-19°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* -18-23°С, облыстың оңтүстігінде -13°С-тан -5-10°С-қа дейін, солтүстікте -28-33°С-тан -13-18°С-қа дейін, *күндіз* -8-13°С, оңтүстікте -3°С-тан -2+3°С-қа дейін, солтүстікте -20°С-тан -7°С-қа дейін жоғарылайды деп күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -17-22°С, оңтүстікте -12°С, шығыста. -25-30°С-қа дейін, *күндіз* -5-10°С, шығыста -15-20°С, оңтүстікте 0°-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -7-12°С, солтүстікте -17-22°С-қа дейін, *күндіз* -4+1°С, солтүстікте -9-14°С, оңтүстікте +4°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің ең соңында ауа температурысының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* -28-33°С, облыстың солтүстік-шығысында -36-41°С-қа дейін, *күндіз* -18-23°С, солтүстік-шығыста -28°С, оңтүстікте -13°С-қа дейін әрі қарай төмендейді. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы *түнде* -20-25°С, оңтүстікте -10°С-қа дейін, *күндіз* -4-9°С, солтүстікте -14°С-қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -26-31°С, облыстың солтүстігінде -36-41°С, оңтүстігінде -21°С-қа дейін, *күндіз* -12-17°С, солтүстігінде -22°С-қа дейін төмендейді деп күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -19-24°С, солтүстікте -27-32°С-қа дейін, *күндіз*. -7-12°С, солтүстікте -17°С, оңтүстікте -2°С-қа дейін дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -26-31°С, облыстың солтүстігінде -36°С, оңтүстігінде -21°С-қа дейін, *күндіз* -12-17°С, оңтүстігінде -7°С, солтүстігінде -20-25°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -12-17°С, солтүстігінде -20-25°С, оңтүстігінде -7°С-қа дейін, *күндіз* -4-9°С, солтүстігінде -14°С-қа дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың таулы және тау бөктеріндегі аумақтарында нормадан көп күтіледі (норма: 7-35 мм).

Жауын-шашын (көбінесе қар түрінде), бұрқасын, жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және соңында және айдың соңында болжанады, көктайғақ – бірінші онкүндікте жиі болуы ықтимал.


1
3
5
7
9
11
13
15
17
19
21
23
25
27
5,0
0,0
-5,0
-10,0
-15,0
-20,0
-25,0
-30,0
-35,0
ЮЗ
ЮВ
СЗ
ЮВ
СЗ
СВ
ЮВ

Қазақстан Республикасы
Нұр-Султан қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz

Республика Казакстан
г. Нур-Султан
ул. Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz